

C.K.ҚҰЛМАНОВ

*A.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының  
аға ғылыми қызметкери, филол.ғ.к., доцент*

**ГРАММАТИКАЛЫҚ КАТЕГОРИЯЛАРДЫ ОҚЫТУДАҒЫ САБАҚТАСТЫҚ**  
**(еліктеу сөздердің академиялық грамматикаларда, ғылыми еңбектерде,  
түсіндірме сөздік пен мектеп оқулықтарында берілуі)**

Макалада еліктеу сөздердің академиялық грамматикаларда, ғылыми еңбектерде, жоғары оқу орындарында, түсіндірме сөздіктегі және мектеп оқулықтарында берілуін қарастыра келе, автор «еліктеу сөздер» сөз табына берілген терминдік атауды (еліктеу сөз, еліктеуіш сөз, дыбыстық еліктеуіш, дыбыс еліктеуіш, дыбыс еліктеуіш) біріздендіру, еліктеу сөздерді морфологиялық сипатына қарай бөлуді нақтылау, еліктеу сөздердің академиялық грамматикалар мен түсіндірме сөздіктегі берілуін қайта қарау, еліктеу сөздердің табиғатын терең таныту үшін қазіргі академиялық грамматикалар мен жоғары оқу орындарына арналған оқулықтарға соңғы жылдардағы зерттеулердің нәтижелерін енгізу керек деген ұсыныстар айтады.

**Тірек сөздер:** еліктеу сөздер, еліктеуіш сөздер, бейнелеуіш сөздер, грамматикалық категория, сөз таптараты, лексикалық мағына, негізгі түбір, туынды түбір.

**Ключевые слова:** подражательные слова, звукоподражательные слова, грамматическая категория, части речи, лексическое значение, основной корень, производный корень.

**Keywords:** imitative words, onomatopoeic words, grammatical category, part of speech, lexical meaning, the main root, root proyzvodny.

Еліктеу сөздер әлемнің барлық тілдерінде кездесетін тілдік категорияның бірі ретінде, тіпті адамның дыбыстық тілінің пайда болуының бір көзі ретінде («имитатив» теориясы) саналады. Бұл тілдік құбылыстық қазақ тіл білімінің негізін қалаушы А.Байтұрсынұлы одағайлардың қатарында қарап, «еліктеу одагайлар» деген атау берген болатын[1].

Одағай сөз табына жатқызылып келген бұл топтағы сөздерді 1948 жылы А.Бісқақов жеке сөз табы ретінде дәлелдей, оны одағайлардан шығаруды ұсынады да [2], 1954 жылғы академиялық грамматикаға алғаш рет жеке сөз табы ретінде енгізеді. Бұл грамматикада «еліктеу сөздер» еліктеуіш (еліктеме) және бейнелеуіш (бейнелеме) сөздер деп белгініп, еліктеуіш сөздерге «айналадағы табиғат құбылыстарының алуан түрлі дыбыстарына еліктеуден пайда болған сөздер (мылтықтар етті; қарға қарқ етті) жатқызылып, олардың құрамы көрсетіледі, грамматикалық қосымшалармен түрленбейтіндігі, оларға жұрнақтар жалғанып жаңа сөздер пайда болатындығы, олардың қайталануы арқылы қос сөздер жасалатыны, қосарлану ерекшеліктері, негізгі және көмекші етістіктермен тіркесетіндігі, еліктеуіш сөздердің түбіріндегі дауысты дыбыстардың жуан я жінішке болуы олардың мағынасына әсер ететіндігі айтылады[3, 342-346]. Еліктеуіш сөздерге: «... еліктеуіш сөздер делініп аталағын сөздердің өзіне лексикалық мағынасы, сыртқы түрпаты (формалық структура) бар екені, олардың дара түрлеріне де, қосарланған түрлеріне де сөйлемдегі сөздерді байланыстыратын септік, көптік, тәуелдік, жіктік жалғаулары тікелей жалғанбайтыны, демек, түрленбейтіндігі, олар сөйлемде әрқашан сын-қыймыл пысықтауыш болатыны және олардың бастанқы түбірлерінен жұрнақтар арқылы туынды есімдер және етістіктер жасалатыны байкалады» [3, 346], бейнелеуіш сөздерге «табиғатта (жаратылыста) кездесетін белгілі бір елес, құбылыстардың, адамның көзбен көруі қабілетінен туатын ұғымдардың аттарын білдіреді» және «белгілі бір көріністің я құбылыстың бейнесін білдіреді», «істің я әрекеттің шапшан (аса) болатынын білдіреді» деген анықтамалар беріледі және олардың қосарлы қолданылуы, түбірлеріндегі дауысты дыбыстың я қысаң болуы, немесе жуан я жінішке болуы сол сөздердің мағыналарына әсер ететіндігі, олардың бастанқы түбіріне және қосарланған түрлеріне сөз байланыстыратын (көптік, септік, тәуелдік, жіктік) жалғаулар тікелей қосылмайтындығы, етістіктермен тіркесуі сөз болады, синтаксистік қызметі анықталады [3, 346-347].

Бұл грамматикада еліктеу сөздердің кейбіреулерінде тән мына сипатқа назар аударылады: «Кейбір еліктеу сөздер мағына жағынан әрі еліктеуіш сөз бейнелеуіш сөз де болып кетеді. Мысалы: *бұрқ-бұрқ*, *қали-қали*деген сөз бір жағынан көзбен көруден пайда болатын бейнені білдірсе, екінші жағынан құлаққа естілетін дыбысты білдіреді»[3, 348].

Галым А.Ысқақов 1991 жылғы «Қазіргі казак тілі» еңбегінде де еліктеу сөздерді жоғарыда аталған 1954 жылғы грамматикағыдан жіктейді, берілген анықтамалар да ұқсас. Автор еліктеу сөздерді морфологиялық сипатына қарай *негізгі, туынды, курделі* еліктеу сөздер деп бөліп, туынды еліктеуіш сөздер жасайтын жұрнақтарды (-*ң*, -*ың*, -*ің*, -*аң*, *ең*; -*лаң*, -*лең*, *алаң*, -*елен*) атап, курделі еліктеу сөздерді компоненттерінің формаларына қарай төрт топқа бөледі, еліктеу сөздерден басқа сөз таптарының жасалуын көрсетеді [4, 352-355]. Осындағы автордың аталмыш категорияның бірде «еліктеу сөздер», бірде «еліктеуіш сөздер» түрінде колдануын «механикалық қате» деп санаймыз.

Еліктеу сөздерді әр қырынан және тереңдей зерттеу Ш.Сарыбаевтың (Сарыбаев Ш. Подражательные слова и их отношение к междометиям // Известия АН КазССР. Серия филол.и искусств. –1954. № 135. –Вып.2-4), Б.Катембаевың (Катембаева Б. Подражательные слова в казахском языке: дисс. ... канд.филол.наук. –Алма-Ата, 1965), С.Ибраевтың (Ибраев С. Фонетические особенности подражательных слов в казахском языке: дисс. ... канд.филол.наук. – Алма-Ата, 1971) еңбектерінде жалғасын тапты.

1967 жылғы академиялық грамматикада бұл категорияны Ш.Сарыбаев «еліктеуіш сөздер» деп атап, дыбыстық еліктеуіш сөздер және бейнелеуіш сөздердеген екі үлкен топқа бөледі, алғашқыларының қандай дыбыстарға (табиғат құбыльстары, хайуанат, жан-жануар, адамның сөйлеу аппаратынан шыққан дыбыстар) еліктеуіне байланысты туындағандығы жеке-жеке көрсетілсе, соңғылары мағынасына қарай: 1) қимыл процесінің бейне-сипатын бейнелейтін және 2) адамның, заттың сыртқы тұлғасын, пішінінің құйін көрсететін сөздер деп бөледі [5, 255-256].

Бейнелеуіш сөздер тобына сын есімнен жасалған қызыараң-қызыараң, қараң-қараң, етістіктерден жасалған сүйрелен-сүйрелен, сүйрең-сүйрең, қысан-қысан, домалаң-домалаң, созалаң-созалаң сияқты азын-аулақ сөздер енетіндігі айтылса, еліктеуіш сөздердің дыбыстық ерекшеліктеріне егжей-тегжейлі тоқталынып, олардың қос сөз тудырудың төрт түрлі фонетикалық амалы көрсетіледі: 1) ешбір фонетикалық өзгеріссіз, таза түбір құйінде қосарлап айтылады (*сыбыр-сыбыр*, *гұрс-гұрс*, *ербең-ербең*); 2) екінші компоненті дыбыстық өзгеріске ұшырайды (*шатыр-шұтыр*, *сатыр-сұтыр*, *жарқ-жұрқ*); 3) тұлғалары ердік, бірақ мағыналық жұықтығы бар еліктеуіш сөздердің қосарлануы (*бұрқ-сарқ*, *бұрқан-талақан*, *салдыр-күлдір*); 4) әдетте жеке қолданылмайтын еліктеуіш сөздер қосарланып, бір-біріне рифма жағынан үйлесіп, екінші компонентінің алдына *ж*, *т*, *с* (кейді *ш*) дыбыстары қосылып айтылады (*ырың-жырың*, *алак-жалақ*, *ақар-шақар*, *елең-селең*, *ыбыр-сыбыр*) [5, 256-259]. Еліктеуіш сөздерді қосарлап айту – еліктелетін дыбыстың не қимылдың бір емес, дүркін-дүркін бірнеше рет қайталаңғандығын білдіретіндігі айтылып, олардың морфологиялық ерекшеліктері егжей-тегжейлі қарастырылады [5, 259-261].

Осы орайда біз аталған академиялық грамматикада (1967) «еліктеуіш сөздер» ретінде аталған кейбір сөздердің 15 томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» түрліше берілгендейгін және кейбіреулерінің берілгенде анықтады:

1) басқа сөз табы ретінде берілуі: *алба-жұлба* – сын есім [6, I, 383], *дода-дода* – сын есім [6, IV, 697], *дал-дал* – сын есім [6, IV, 475], *борша-борша* – сын есім [6, III, 493], *ойпаң-топаң* – үстене [6, XI, 635], *опыр-топыр* – сын есім [6, XI, 711], *ырың-жырың* – зат есім [6, XV, 679], *үпір-шүпір* – зат есім [6, XV, 75], *ойқы-шойқы* – сын есім [6, XI, 625], *елең-селең* – зат есім [6, V, 231], *алқам-салқам* – сын есім [6, I, 419], *аңғал-саңғал* – сын есім [6, I, 527], *урғін-сүргін* – зат есім [6, XV, 75], *апақ-санақ* – зат есім [6, I, 555], *абыр-сабыр* – үстене [6, I, 441], *ежіл-құжыл* – үстене [6, V, 161].

2) сөздікте берілмеуі: *секірең-секірең*, *созалаң-созалаң* (созалаң сөзі сын есім ретінде беріледі [6, XIII, 233], *ірк*, *самбыр-кумбір*, *ыржасң-тыржасң*, *албыр-салбыр*. Мұндай сәйкессіздіктерге біріншіден, аталған сөздердің мағынасын автордың дәл көрсетпейі, екіншіден, жеке авторлық қолданыстан туындаған сөздердің еліктеу сөздер қатарында аталуы, үшіншіден, кейбір сөздердің аталған сөздікке енбей қалуы себеп болуы мүмкін деп санаймыз.

Қазақ грамматикасының көрнекті ғалымы профессор С.Исаев «еліктеу сөздерді» еліктеуіш сөздер және бейнелеуіш сөздер, құрамына қарай негізгі және туынды, курделі еліктеу сөздер деп бөледі [7, 324-327].

Қазақ тіл білімінің грамматика саласының белгілі ғалымы профессор Н.Оралбаева бір енбегінде «еліктеуіш сөздер» сөз табын дыбыстық еліктеуіш жәнебейнелеуіш сөздердеп [8, 169], ал екінші бір енбегінде «еліктеуіш сөздер» деп алып, оны еліктеу сөздер және бейнелеуіш сөздер деп бөледі [9, 332-334]. Автор еліктеу сөздерге бытайша сипаттама береді: 1) табиғат құбылыстарына; 2) адаммен байланысты дыбысқа, 3) хайуан, аң-құстардың дауыстарына, дыбыстарына, 4) жансыз заттардың бір-бірімен соктығысынан пайда болған дыбысқа еліктеуден туған деп бөлсе, бейнелеуіш сөздер: 1) заттардың түрлі сыртқы бейнесін білдіреді, 2) қимылдың сипатын білдіреді, 3) табиғи құбылысты суреттейді, 4) жанды заттардың дыбысын, қалпын сипаттайды, 5) жансыз заттардың бейнесін суреттейді [9, 336-337]. Ғалым «еліктеуіш сөздердің» фонетика-морфологиялық сипатын, олардың уәждемелік қызметін төмендегіше көрсетеді: 1) туынды зат есімге уәждеме болады (*тарсыл, ғүріл, сарқырама, шуылдақ*); 2) туынды түбір етістікке уәждеме болады (*сүмти, қылты, селтеңде, жалтаңда*), 3) құранды етістік жасауға негіз болады (*жылт етті, сарт-сұрт етті*), 4) сын есімге уәждеме болады (*былбыр, сылбыр, булек, жалтақ*) [9, 338-343].

2002 жылғы академиялық грамматикада «еліктеуіш сөздер» А.Ысқақовтың 1991 жылғы «Қазіргі қазақ тілі» кітабынан алынған [10]. Алайда, жоғарыда көрсеткеніміздей, А.Ысқақовтың атаптанған кітабында бұл сөз табы «еліктеу» деп аталып, еліктеуіш (еліктеме) сөздер және бейнелеуіш (бейнелеме) сөздер деп бөлінсе, 2002 жылғы грамматикада «еліктеуіш сөздер» деп аталып, еліктеуіш сөздер және бейнелеуіш сөздер деп бөлінген, сонымен қатар мәтін ішінде «еліктеу сөздер» деп те қолданылған.

Профессор А.Салқынбай бұл категорияны «еліктеуіш сөздер» деп атап, оны дыбыстық еліктеуіш және бейнелеуіш сөздер деп, оларды морфологиялық құрамы жағынан негізгі және туынды деп екіге бөледі. Автор: «Еліктеуіш сөздер өзге сөз таптаратымен байланысты болады да, зат есім мен етістіктің, сын есімнің грамматикалық және сөзжасамдық тұлғаларын қабылдап, әр түрлі синтаксистік қызметте жұмысалуға қабілетті. Мұнда мынадай зандалық сақталады: еліктеуіш сөз → зат есім → етістік (*тарс-ыл-да, был-қыл-да*); еліктеуіш сөз → сын есім → етістік (*жалт-ыр-а, сылб-ыр-а*); еліктеуіш сөз → етістік → зат есім (*ғүй-ле-уік, зыр-ла-уық*)», – деп көрсетеді [11, 266].

Кейінгі кездері қазақ тіл білімінде еліктеу сөздерге қатысты зерттеулер жаңаша бағытта өрбіді. Мысалы, академик Ә.Қайдар «Алғашкы тілжасам процесіне белсене қатысып, оның дербес тіл болып қалыптасуына негіз болған, тіл элементтерінің бірі – еліктеуіш сөздердің о бастағы ілкі түбірлері», – дей келе, имитатив теориясына қатысты жаңаша көзқарасын білдірсе [12, 126], дыбыселиктеуіш сөздер проф. К.Хұсайынның (Дыбыселиктеуіштік теориясының негіздері. – Алматы: Жібек жолы, 2009. –368 б), С.Өткелбаевың (Қазақ тіліндегі дыбыстық символика құбылысы: филол. ғыл. канд. .. дисс. –Алматы, 1994. –155 б.), Б.Жонкешовтің (Эмоционалды бірліктердің тілдік табиғаты (семантика, сөзжасам, фоносемантика). –Алматы: «Мемлекеттік тілді дамыту орталығы», 2009. –192 б.) енбектерінде, сонымен қатар, Б.Оспанованың («Қазақ тіліндегі бейнелеуіш етістіктердің этнолингвистикалық сипаты»), К.Шотаның («Дыбыстық еліктеуіш етістіктердің этнолингвистикалық негіздері»), А.Макұлбектің («Қазақ топонимдерінің фоносемантикалық сипаты»), Ш.Зукайдың («Неміс-қазақ тілдеріндегі еліктеуіш және бейнелеуіш сөздердің лексика-семантикалық, коммуникативті-прагматикалық сипаты») кандидаттық диссертацияларында жаңаша бағытта қарастырылды.

Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулықта «еліктеу сөздер» еліктеуіш сөздер және бейнелеуіш сөздер болып екіге бөлінеді. Оларға жеке-жеке анықтама беріліп, мысалдар беріледі, ерекшеліктері көрсетіледі: «Біріншіден, бұл сөздер айналадағы құбылыстардың әр түрлі дыбыстарынан есту арқылы және түрлі қимылдарына еліктеуден туған. Мысалы: *сарт* (етті), *санқ* (етті), *ғурс* (етті), *қорс* (етті), *сарт-сұрт*, *бұрқ-сарқ*, *қаңғыр-куңғір*, *шорт* (сынды), *тасыр-тұсыр*, т.б. дыбысқа еліктеуді білдірсе, *жылт* (етті), *жалт* (етті), *қалт-құлт*, *бұгжес-бұгжес*, *далан-дұлан*, т.б. әр түрлі қимыл, іс-әрекетке, құбылыска еліктеуді білдіреді. Соңдықтан да олар еліктеу сөздер деп аталады. Екіншіден, еліктеу сөздер көбінесе көмекші етістіктермен (негізінен *ет*) тіркесіп немесе қайталанып, қосарланып келіп қолданылады» [13, 155], «Табиғатта заттардың қозғалуы, бір-бірімен қақтығысуы, соғылуы сияқты алуан түрлі қимыл, амал-әрекеттердің

нәтижесінде әртүрлі дыбыстар пайда болады. Оларды біз құлақпен естіміз. Сол дыбыстарға еліктеу арқылы пайда болған сөздер еліктеуіш сөздер деп аталады» [13, 157], «Бейнелеуіш сөздер – табиғаттағы заттардың қозғалысын, күйін көру арқылы сипаттайтын, бейнелейтін сөздер»[13, 158].

Оқулықта еліктеу сөздер құрамына қарай *дара және құрделі түбір*, дара еліктеу сөздер тұлғасына қарай *негізгі* және *туынды түбір* болып бөлінеді. Олардың жасалу тәсілдері, олардан жүргінші арқылы басқа сөз таптары (негізінен зат есім мен етістік) жасалатындығы көрсетіледі[13, 160-161].

Академиялық грамматикаларды, жоғары оку орындарына арналған оқулықтар мен ғылыми ғылыми мектептерді, мектеп оқулықтары мен түсіндірме сөздікті қарастыра келе, мына мәселелерге назар аудардық:

1) терминдік әркелкілік: а) бұл категорияны әр автордың түрліше атауы: «еліктеу одагайлары» (А.Байтұрсынұлы), «еліктеу сөздер» (еліктеуіш (еліктеме) және бейнелеуіш (бейнелеме) сөздер) (1954 жылғы грамматика, А.Ысқақов), «еліктеуіш» (дыбыстық еліктеуіш сөздер және бейнелеуіш сөздер) (1967 жылғы грамматика, авторы – Ш.Сарыбаев), «еліктеу сөздер» (еліктеуіш және бейнелеуіш сөздер) (С.Исаев), «еліктеуіш сөздер» (дыбыстық еліктеуіш және бейнелеуіш сөздер) (Н.Оралбаева, А.Салқынбай), «еліктеуіш сөздер» (еліктеу сөздер және бейнелеуіш сөздер) (Н.Оралбай), дыбыс еліктеуіш сөздер (К.Хұсайын), дыбыс еліктеуіш (Г.Исаева); ә) бұл категория бір автордың ғылыми мектептерінде түрліше аталады, мысалы, А.Ысқақовтың (1991) ғылыми мектебінде бірде *еліктеуіш*, бірде *еліктеу*, Н.Оралбаевың бір ғылыми мектебінде «еліктеуіш сөздер» (дыбыстық еліктеуіш және бейнелеуіш сөздер), екінші бір ғылыми мектебінде «еліктеуіш сөздер» (еліктеусөздер және бейнелеуіш сөздер) түрінде бөлінеді. Ал 2002 жылғы «Қазақ грамматикасында» бұл сөз табы А.Ысқақовтың кітабынан атынды деп көрсетілгенімен, мынадай айырмашылықты байқадық: А.Ысқақов бұл сөз табын «еліктеу» деп атап, *еліктеуіш* (еліктеме) сөздер және бейнелеуіш (бейнелеме) сөздер деп бөлсө, 2002 жылғы грамматикада «еліктеуіш сөздер» деп аталып, *еліктеуіш* сөздер және бейнелеуіш сөздер деп бөлінген, сонымен қатар мәтін ішінде «еліктеу сөздер» деп те қолданылған.

2) еліктеу сөздерді морфологиялық сипатына қарай бөлудегі айырмашылықтар: а) негізгі, туынды, құрделі (А.Ысқақов, С.Исаев), ә) негізгі және туынды (А.Салқынбай); б) құрамына қарай *дара және құрделі түбір*, дара еліктеу сөздер тұлғасына қарай *негізгі және туынды түбір*(бұныңпә арналған оқулық (С.Исаев).

3) академиялық грамматикада (1967) еліктеуіш сөздер ретінде берілген кейбір сөздердің 15 томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» басқа сөз табы ретінде берілгенін және кейбіреулерінің берілмегенін байқадық. Мұндай сәйкесіздіктерге, бірнешіден, аталған сөздердің мағынасын автордың дәл көрсетпеуі, екіншіден, жеке авторлық қолданыстан туындаған сөздердің еліктеу сөздер қарастырылады, үшіншіден, кейбір сөздердің аталған сөздікке енбей қалуы себеп болуы мүмкін деп санаймыз.

Еліктеуіш сөздердің академиялық грамматикалар мен ғылыми ғылыми мектептерде, мектеп оқулықтары мен түсіндірме сөздікті берілуін салыстыра қарастыра отырып, төмөндеғідей ұсыныстар айтқымыз келеді:

- 1) қарастырылып отырған категорияға берілген терминдік атауды біріздендіру керек;
- 2) еліктеу сөздерді морфологиялық сипатына қарай бөлуді нақтылау керек;
- 3) еліктеу сөздердің академиялық грамматикалар мен түсіндірме сөздікті берілуін қайта қарастыру керек;
- 4) еліктеу сөздердің табиғаты мектеп оқулығында біршама ашылғандықтан, оларды терең таныту үшін қазіргі академиялық грамматикалар мен жоғары оку орындарына арналған оқулықтарға соңғы жылдардағы (мысалы, Ә.Қайдардың, К.Хұсайыновтың, С.Өткелбаевың, Б.Жонкешовтің, Б.Оспанованның, Қ.Шотаның, А.Макұлбектің, Ш.Зукайдың және т.б.) зерттеулердің нәтижелерін енгізу керек.

#### ӘДЕБИЕТ

1 Байтұрсынов А. Тіл тарылымы. –Алматы: Ана тілі. 1992. –446 б.

2 Ысқақов А. Еліктеу сөздер //Халық мұғалімі. –Алматы, 1948. № 6.

3 Қазіргі қазақ тілі (лексика, фонетика, грамматика). –Алматы, 1954. –564 б.

4. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. –2-басылымы. Филология факультеттері студенттеріне арналған оқулық. –Алматы: Ана тілі, 1991. –384 бет.
5. Қазақ тілінің грамматикасы. I. Морфология. –Алматы: Ғылым, 1967. –264 бет.
6. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. I-XV томдар. –Алматы, 2011.
7. Исаев С.М. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. –Алматы, 2007. –336 б.
8. Оралбаева Н., Әбдіғалиева Т., Шалабаев Б. Практикалық қазақ тілі. Жогары оқу орындарының студенттеріне арналған оқулық. –Алматы, «Ана тілі», 1993. –272 бет.
9. Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. –Алматы: Инжy-Маржан, 2007. –390 бет.
10. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. –Астана, 2002. –784 бет.
11. Салқынбай А. Қазіргі қазақ тілі: Оку куралы. –Алматы: Қазақ университеті, 2008. –340 б.
12. Қайдар Ә.Т. «Имитатив теориясына» қатысты жаңаша көзқарас // Қазақ грамматикасының өзекті мәселелері. – Алматы: «Кие» лингвоелтану инновациялық орталығы, 2007. –126-142-бб.
13. Исаев С., т. б. Қазақ тілі: Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық. 3-басылымы, өндөлген/ С.Исаев, К.Назаргалиева, Ж.Дәүлетбекова. –Алматы: Атамұра, 2011. –208 бет.

*Кулманов С.К.*

Старший научный сотрудник Института языкоznания имени А.Байтурсынова, канд.филол.наук, доцент

**ВЗАЙМОСВЯЗЬ В ИНТЕРПРЕТАЦИИ ГРАММАТИЧЕСКИХ КАТЕГОРИЙ**  
**(отражение подразделительных слов в академических грамматиках, научных работах, толковом словаре и школьных учебниках)**

Анализируя подразделительные слова в академических грамматиках, научных работах, школьных учебниках и 15-томном толковом словаре казахского языка, автор приходит к выводу о необходимости унификации термина (еликтеу сөз, еликтеуіш сөз, дыбыстық еликтеуіш, дыбыселиктеуіш, дыбыс еликтеуіш), об уточнении их классификаций по морфологическим признакам, о пересмотре представления их в академических грамматиках и 15-томном толковом словаре казахского языка, о внедрении к академическим грамматикам научных инноваций, которые представлены в исследованиях последних лет.

*Kulmanov S.K.*

Senior Researcher, Institute of Linguistics named A.Baitursynov, kand.filol.nauk (PhD), Associate Professor

**RELATIONSHIP IN THE INTERPRETATION OF GRAMMATICAL CATEGORIES**  
**(imitative words reflected in academic grammars, scientific papers, dictionaries and textbooks)**

Analyzing imitative words in academic grammars, scientific papers, textbooks and 15-volume explanatory dictionary of the Kazakh language, the author comes to the conclusion that the term of alignment (elikteu soz, elikteuish soz, dybstyh elikteuish, dybyselikteuish, dybys elikteuish), refinements of their classifications morphological characters to revise their representation in academic grammars and 15-volume explanatory dictionary of the Kazakh language of introductions to the academic grammar scientific innovations, which are presented in recent studies.